



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағемімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

Жасанды интеллект жойқын ақпараттық қаруға айналды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» форматындағы салалық ведомстволардың екінші кездесуіне қатысу үшін Астанаға келген Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрі Ван Сяохунды, Қырғыз Республикасының Ішкі істер министрі Ұлан Ниязбековті, Тәжікстан Республикасының Ішкі істер министрі Рамазон Рахимзоданы, Түрікменстанның Ішкі істер министрі Мұхаммет Хыдыровты және Өзбекстан Республикасының Ішкі істер министрі Азиз Ташпулатовты қабылдады. Кездесуде өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, трансұлттық қылмыс пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, киберқауіпсіздік, экстремизммен және басқа да қазіргі сын-қатерлермен күрес мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері мен Қытайдың құқық қорғау органдары арасындағы ықпалдастықты арттыру өңірде тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтауда маңызды екенін атап өтті.

– Ұйымдасқан трансұлттық қылмыс тамыр жайып, аясын кеңейте түсті. Киберқылмыс табысы жоғары жаһандық индустрияға айналды. Бұл адамдарды миллиардтаған доллар шығынға ұшыратады. Цифрлық жүйені қылмыстық топтар өз қызметтерін үйлестіруге, табыстарын жылытатуға, ешбір мемлекеттің шекарасына қарамайтын шабуыл жасауға жиі қолданады. Маңызды көлік және сауда бағыттары түйсетін Орталық Азия аймағына трансұлттық қылмыстық желінің қызығушылығы жоғары. Осы орайда ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа, есірткінің заңсыз айналымына және адам саудасына қарсы түрлі мәселесі езекті болып отыр. Күш-жігер біріктіріп, ақпарат алмасу, институционалды ықпалдастықты нығайту және заманауи технологияларды енгізу арқылы ғана бұл сын-қатерлерге қарсы тұра алатынымызға сенімдімін. Қазақстан қауіпсіздік саласындағы өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуді дәйекті түрде қолдайды. Біз азаматтарымызды қорғау мен елдерімізді орнықты дамыту бағытындағы ашық диалогқа, үздік тәжірибелерді алмасуға және бірлесіп шешім қабылдауға дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, қылмыстық элементтердің өңірдегі ішкі тұрақтылықты бұзуына жол беруге болмайды. Бұл орайда жүйелі әрі батыл әрекеттер қажет.

– Қазақстан заң үстемдігін қамтамасыз етуді құқық қорғау қызметі ғана емес, мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыты ретінде қарастырады. Біз «заң мен тәртіп» тұжырымдамасын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Аталған қағидат жаңа Конституциямызда елімізді одан әрі жаңғыртудың басты алғышарттарының бірі ретінде көрініс тапты. Маңызды міндеттердің бірі – ұйымдасқан трансұлттық қылмыстық топтардың қаржы ағынына тосқауыл қою. Экстремизм идеяларының таралуын, лаңкестік топтардың адамдарды интернет арқылы арбауын белсенді түрде әшкерелеп, террорлық актілерге астыртын әзірлік әрекеттерін алдын ала анықтаған жөн. Айтылған қатерлердің бірі бір-бірімен тығыз байланысты. Оған тек жан-жақты, кешенді түрде күш-жігер біріктіре отырып тәтеп бере аламыз. «Орталық Азия – Қытай» форматы елдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде өзара үйлесімді, нақты шешімдердің үлгісі болатынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық және экономикалық тыныс-тіршіліктің онлайн кеңістікке ойысуы киберқауіпсіздік мәселесін мүлдем жаңа деңгейге көтерді деп санайды.

– Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс ешқандай шекараға бағынбайды. Азаматтарымызға, бизнеске және мемлекеттік органдарға зардабын тигізіп отыр. Гибридті және ақпараттық технологиялар жалған мәлімет, яғни «фейк» тарату құралы ретінде қолданылады. Өшпенділік өртен үрлеп, алауыздық туғызады. Деструктивті элементтердің қолындағы жасанды интеллект ауыр салдарға өкеліп соғатын өте жойқын ақпараттық қаруға айналды. Заң талаптарына қайшы контент толассыз көбейіп жатыр. Осыған байланысты қазіргі ықпалдастық тетіктерін жүйелі түрде жетілдіріп, киберқауіпсіздікке қарсы проактивті іс-қимылға көшу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өңір елдерінің экономикалық ынтымақтастығын нығайту мен дамыту, бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты екенін айтты.

– Транскаспий халықаралық көлік бағыты еуразиялық логистиканың стратегиялық элементіне айналып келеді. Жаһандық сауда тізбегінің трансформациясына және геосаяси қысымның күшеюіне сәйкес оның маңызы еселеп артты. Сонымен қатар жүк тасымалын ұлғайтудың белгілі бір қауіп-қатерлері бар. Әңгіме трансұлттық қылмыс, соның ішінде контрабанда, есірткі, қару-жарақ тасымалы туралы болып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өңірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру үшін «Орталық Азия – Қытай» форматының әлеуетін пайдалану қажеттігін жеткізді. Президенттің ойынша, ішкі істер министрліктері бір-бірімен ынтымақтастықты күшейтіп, қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп мәселелеріне қатысты ақпараттармен бөлісуі тиіс. Бұл халықтардың арман-тілегіне толығымен сай келеді. Жұрт мемлекеттер басшыларынан өз елдерін тәртіпке келтіріп, қапыты өрі қауіпсіз өмірге қолайлы жағдай жасау үшін аса шұғыл тиімді шешімдер қабылдауды талап етуде. Осы ретте балалар, жалпы халық ел басшыларының, ішкі істер министрлері мен басқа да ведомство жетекшілерінің заңға сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын қабылдап жатқанына көз жеткізіп, өздерін қауіпсіз сезінуі тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен және Орталық Азия мемлекеттерімен өзара сенім, тату көршілік, ортақ жауапкершілік негізіндегі ынтымақтастықты ілгерілетуге ерекше мән беретінін жеткізді. Кездесуге қатысушылар өзара байланыстарды жолға қоюға, жедел ақпарат алмасуға, кәсіби қарым-қатынастарды дамытуға және құқық қорғау органдарының қызметіне заманауи технологияларды енгізуге ниетті екенін растады. Президент жиынының Орталық Азия мен Қытай аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша серіктестік пен ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Егінжай – 2026

Егіс басындағы еселі еңбек

«Аққұм-Жер» шаруа қожалығы ауданда алғашқылардың бірі болып осы айдың басында алқапқа дән септі. Жыл сайын Жер-Анадан ырздық-несібесін алып жатқан маңдайалды шаруашылық биыл көктемгі науқан жұмыстарына ерте кіріскен. Арналарға су келісімен күріш егуді қолға алғаны бұл сөзімізді қуаттайды.

Иә, былтыр Аққұмдағы саланы толайым табыспен қорытындылады. 80-ге жуық ауылдағы ағайындар жұмыспен қамтыған серіктестік төрағасы Рүстем Сәрсенбаев биыл да жылдағы межемен егін егетіндерін айтады. Соңғы жылдары қалыптасқан су тапшылығына байланысты шаруашылық егінді әртараптан-дыруға басымдық беруде.

– Былтыр межелі өнім ектік, одан ойдағыдай астық алдық. Быыл 1 300 гектар күріш егуіміз керек еді. Қазір өздеріңіз де жақсы білесіздер, су тапшылығы шаруаларды қос бүйірден қысып тұр. Сондықтан оның көлемін 300 гектарға қысқарттық. Есесіне суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беріп жатырмыз. Ақелісті аяқтап, дән сеуіп, күрішті суға бастырып жатқан жайымыз бар. Ендігі жауапкершіліктің басым бөлігі диқан-дар мен агрономға тиесілі. Осы айдың басында ауыл ақсақалдарының, ақжарлықты аналардың батасын алып, жерге дән септік. Бұйырса, биыл да мол астық алуға жұмыс жасаймыз. Техникадан, басқа да қажетті құрал-жабдықтан мәселе жоқ. Жыл сайын шаруашылықтың техникалық базасын нығайтуға басымдық беріп келеміз, яғни заманауи техникалар алып, еңбек



өнімділігінің артуына күш салудамыз. Енді қара күзге дейін осы егіс басында боламыз. Былтыр да өріптестерім нәтижелі еңбек етті. Сол еңбектің арқасында күзгі науқанда қамбамыз астыққа толды. Биыл да одан жоғары өнім алуға жұмыс жасаймыз, – дейді төраға Рүстем Сәрсенбаев.

Былтыр шаруашылық 1 мың гектар алқапқа Сыр салысын септі. Оның әр гектарынан 58 центнерден өнім жиды. Алды күріштің әр гектарынан 72 центнер астық алған. Тәжірибелі диқан Әнуар Ахметов жоғары өнім алғаны үшін сабантойда қомақты қаржылай сыйлыққа ие болғанын айтады. Кеше барғаны-

мызда егіс басында еңбек адамын жолықтырдық. Биыл Әнуар ағамыз өткен жылдан да жоғары өнім алуға еңбек ететінін айтады.

– Біздің жұмыс енді басталды, енді қара күзге дейін дала төсінде, егіс басында еңбек етеміз. Былтыр өзіме бекітілген егістіктің әр гектарынан 72 центнерден күріш алдым. Жалпы сыртынан қараған жанға күріш егу ерте көктемде сеуіп, оны суға бастырып, күзде суын тартып, жинап алумен шектелетін сияқты. Бірақ соның әр кезеңінде қандай жұмыс жүретінін көбісі білмейді. Күріш те бала сияқты, оны жерге сепкеннен мәлепел өсіресің, қырқынан шығарып, суып бір ауыстырасың. Су болып жатса, жиі ауыстырып тұрған жақсы. Бірақ соңғы уақытта су тапшылығы қандай мәселеге айналғанын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Басшымыз Рүстем Сәрсенбаев күріш алқабының көлемін ұлғайтуға рұқсат бермейді. Болмаса оған біздің де, техникамыздың да шамамыз жетеді. Төрағамыз керісінше суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беруде. Оны да түсінуге болады, күріш – жерге сөбілгеннен жинап алғанша суда тұратын өнім. Осы ретте төрағамыз саннан сапаға еңбек етуіміз керектігін жиі ескертті, – дейді даңғайыр диқан-дардың ізбасары Әнуар Ахметов.

Қазір аяқсу қат болған шақта Рүстем Сәрсенбаевтың бұл шешімін біз де қос қолдап қолдаймыз. Расында төраға биыл суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беріп жатыр екен. Мәселе, шаруашылық 850 гектар алқабын жоңышаға арнаған. Оның ішінде 450 гектары жаңа жоңыша болса, мұнан бөлек 400 гектар ескі жоңышқаны күтімге алыпты.

Дала төсінде жай жүрген жан көрмедік, әрқайсысының өзіне жүктелген міндеті бар. Бірі арғы атызда жерді қай-

та өңдеп, егіске дайындаса, тағы бір техника тізгіндеген дала дарабозы артына тыңайтқышын сеуіп келеді. Ал бергі атызда тағы бір трактор дән сеуіп барады. Диқан-дар төбеде жай бақылап тұр, жай тұрған жоқ, ала жаздай оның күтімі қалай болады, осы сауалдың түйінін оймен тарқатуға

Жалпы шаруашылық бұл ауылдың қажетіне жарап тұр. Оны кеше ақсақалдардың өз аузынан естідік. Сөзінше, ауылдың абаттануына, тіршілігінің түлеуіне «Аққұм-Жер» шаруа қожалығы айтарлықтай қолғабыс етіп отыр. Мәселе, елді мекен сыртындағы канал бойында орналасқан апатты жағдайдағы көпірді күрделі жөндеуге шаруашылық қыруар қаржы күйған. Сөзінен ісі алда жүретін Рүстем ағамыз да өлі де осы ауылдың гүлденуіне жұмыс жасайтындарын жасырмады. Ал осы ауылдың өсіп-өркендеуіне, өлгі ақсақалдар айқан көпір құрылысына қатысты біздің сауалға жауабы оның сөзінен ісі алда жүретін азамат екенін тағы бір айғақтады.

– «Ауылды гүлдендіріп жатырмыз» деп мақтанған аулақпын. Жаңа ақсақалдар айтты ғой, өзімізді өзіміз мақтамайық. Иә, өкім құрылысына 10 млн теңгеден астам қаржы салдық. Қазір ауылдың қажетіне жарап тұр. Басқа да жобалар бар, оны алдағы уақыттың еншісіне қалдырайық. Осы жерде еңбек етіп жатқасын, осы ауылдың қажетіне жұмыс жасау қажет деп ойлаймын, – деп қысқа қайырды төраға.

Айта кетейік, былтыр межелі өнімге қол жеткізген шаруашылық ұжымына сабантойдан жалпы құны 30 млн теңге үлестірілген болатын. Төраға бұл дәстүр биыл да жалғасатынын жасырмады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Кәсіпкер келіншек

Бала денсаулығының жанашыры

Жақында құрбым ұлды болды. Сол сәтте жанынан табылып, серіктес ретінде қолдау көрсеттім. Аман-есен босанғаннан кейін дәрігерлер сәбиді жіті тексеруден өткізіп, жалпы жағдайының жақсы екенін айтты. Дегенмен тексеру барысында нәрестеге гипоксия диагнозы, яғни жеңіл түрі қойылғанын жеткізді. Дәрігердің айтуынша, гипоксия нәрестеге оттегінің жеткіліксіз түсуінен пайда болады. Оның салдарынан сәби мазасызданып, жылай береді. Кей жағдайда ұйқысының бұзылуы да мүмкін екенін айтты. Содан не керек, құрбым өкеміз бұл дерттен кішкентай батырды айықтыру үшін қандай ем-шара қолдануға болатынын іздестірдік. Нәтижесінде көптеген маман балаға массаж, гидрованна сияқты оңалту шараларын жасауға кеңес берді. Айтуларынша, бұл ем баланы гипоксия дертінен айықтырып қана қоймай, оның жүйке жүйесін тыныштандырып, бұлшық еттерінің дұрыс дамуына септігін тигізеді.

Таңдауымыз ауданда гидрованна арқылы талай нәрестенің денсаулығын нығайтып, түрлі дерттен айығуына сеп болып жүрген Анар Қанатбекқызының орталығына түсті. Кәсіпкер келіншек шағын ғана бір бөлменің ішін қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақатан.



Бөлме іші жарық әрі ерекше. Бір бұрышында талай нәрестенің денсаулығын нығайтып, түрлі дерттен айығуына сеп болып жүрген Анар Қанатбекқызының орталығына түсті. Кәсіпкер келіншек шағын ғана бір бөлменің ішін қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақатан.

Құрбым Анар Қанатбекқызына баласына дәрігерлер қойған диагнозын айттып, соңғы уақытта оның күндіз-түні мазасызданып, жиі жылай беретінін жеткізді. Баланы қолына алып, алғашқы емдік шараларын жүргізген маман оған 2 курс ем алу қажеттігін айтты. Содан не

көрек, өне-міне деп жүргенде кішкентай батырмыз өткен аптада бірінші курстың соңғы емін алды. Бастапқыда шырылдап жылағанымен, уақыт өте келе массажаға үйреніп, себепсіз жылауын тоқтатып, жағдайы тұрақтала бастады.

Жалғасы 3-бетте

Футбол

«Қайсар»-«Тобыл»: жанкүйерлер көптен күткен жеңіс

«Қайсар» Қазақстан премьер-лигасында соңғы уақытта жеңілістен көз ашпады. Әріге бармай-ақ, соңғы үш кездесуін сараласақ, оның екеуінде қарсыластарына есе жіберіп, біреуінде тең тарқасты. Өз алаңында «Қайратқа» қонақжайлық танытты. Ал сырт алаңда «Ақтөбе» 3:0 есебімен Сыр клубынан басым түсті. Жанкүйерлер де «Қайсардың» соңғы ойындарына көңілі толмайтынын айтады. Бірақ жергілікті клуб Қазақстан кубогында нәтижегі ойын өрнегін көрсетіп келеді.

Қазақстан кубогы үшін «Таласпен» тартысты ойында сырт алаңда жергілікті команда сыр алдырмады. Керісінше бірінші таймда-ақ есеп ашуға тырысты. Осылайша дүркін-дүркін жойқын шабуылдар ұйымдастырған «Қайсар» мақсатына жетті де. Ойынның 18-минутында Мүсіліп Жұмат әріптесі Алияр Мұхаммед асырған допты «Талас» қақпасында тұллатты. Көп ұзамай Сағи Совет есепті еселеді. Мұнан кейін қонақтардың қорғанысқа басымдық беретіні белгілі болды. Дәл осы уақытқа берік «Қайсар» осылайша 1/8 кезеңге жолдама алды.

Премьер-лига ойындарында үш кездесу өткізген жергілікті команданың Қазақстан кубогының келесі кезеңіндегі қарсыласы осал емес. Былтыр чемпиондар лигасының топтық кезеңінде төбе көрсеткен алматылық «Қайратты» жарыс жолынан ысыру оңайға соқпады. Бірақ бұл біздің жігіттердің қолынан келді. Әдегеннен жартылай үдеткен Сыр клубы ойынның небәрі 4-минутында есеп ашты. Жартылай қорғаушы Ерсултан Қалдыбеков дара шауып, алматылық клубтың қақпасын күзеткен Шерхан Қалмырзадан айласын асырды.

Тартысты долада бас төреші ойынды бөгей берді, олай жасайтындай жөні бар, тіпті ойын ережесін жиі бұзған қос команда ойыншыларына сары қағаз беруде сараңдық танытады. 90 минутта 7 ойыншы сары қағаз алды.

Мұнан кейін де «Қайсардың» шабуылы тоқтамады. Арасында қарсы шабуылдар ұйымдастырған «Қайрат» та таразы басын теңестіруге тырысты. Алайда Сыр клубының қорғанысы берік болды. Керісінше ойынның 61-минутында «Қайсар» есепті еселеді. Бұл голдың авторы – 25 жастағы Батырхан Тәжібай. Осыған дейін «Ордабасында» 3 маусым, «Оқжетпесте» 2 маусым доп тепкен тәжірибелі аяқдоп шебері 90 минут бойы алаңдағы орнын өшкімге босатпады. Осыдан-ақ оның негізгі құрамдағы салмағын бағамдау қиын емес.



Ойынның негізгі уақытының аяқталуына әлі жарты сағат бар. 30 минутта «Қайратқа» таразы басын теңестіріп, экстра-таймда мәселені шешуге болатын еді. Солай жасауға тырысты да, алайда алматылық клубтың шабуылдары сәтсіз аяқталды. Тек төреші белгілеген қосымша уақытта Азамат Тұяқбаев жұбаншы голын соқты.

Өткен апта сәрсенбінің сәтті күні Сыр клубы өз алаңында қостанайлық «Тобылды» қабылдады. Қазақстан кубогының 1/4 кезеңінде Қызылордадағы «Қайсар Аренада» жолыққан қос команда бұл жолы жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салды.

Бұл кездесуде «Қайсардың» қарсы шабуылдары өз жемісін берді. «Тобыл» да осал емес екен, қостанайлық клуб дүркін-дүркін шабуыл ұйымдастырумен болды. Бірақ «Қайсар» бірінші болып есеп ашты. Алғашқы таймның 33-минутында Бақдәулет Көңілімқос әріптесі Виктор Мозес асырған допты қарсыласының қақпасында тұллатты. Бірінші тайм осымен тәмам.

Екінші тайм. Бас төреші Р.Сұлтанғалиевтің ойынды бастауға рұқсат беруі сол еді, «Тобыл» шабуылды үдетті. Бірақ мұнан еш нәтиже шықпады. Ал мұндай жағдайда бапкердің қандай шешім қабылдайтыны айтпаса да түсінікті. Көп ұзамай қостанайлық клубтың бас бапкері М.Ромашенко негізгі құрамдағы бес бірдей ойыншысын ауыстырды.

Мұнан кейін бір ғана қадам, қостанайлық клуб Сырда сыр алдырмаса, жартылай финалда «Жеңіспен» жолығады, одан әрі – ақтық мөре. Қонақтардың дүркін-дүркін жойқын шабуыл ұйымдастыруын осыдан-ақ аңғаруға болады. Тіпті 70-минуттан кейін шабуыл мүлде еселенді және ол өз жемісін берді де. Ойынның 78-минутында осыған дейін «Оқжетпесте» 3 маусым доп тепкен Дәурен Жұмат «Қайсар» қақпасынан айласын асырып, таразы басын теңестірді. Осылайша қос команда 90 минутта тең тарқасты.

Алда әлі бас төреші белгілеген 30 минут қосымша уақыт бар. «Қайсар» негізгі уақытың соңында сыр алдырды, сондықтан жергілікті команда жанкүйерлерінің көңілі күпті. Бәрі біз ойлағандай болды, ара-тұра қарсы шабуылдар болмаса, жарты сағат бойы жергілікті клуб қорғанысқа басымдық берді.

Қосымша уақыт та тәмам, есеп еш өзгеріссіз. Енді қос команда ойыншылары 11 метрлік айып добын орындайды. Бұл сәтте қақпашылар қырағы болуы тиіс. Қысқа команда жеңіске жетсе, жартылай финалдың жолдамасы қолында.

Бірінші болып Сыр клубынан Айбол Әбікен 11 метрлік айып добын сәтті орындады. Ал қонақтар сапынан Жасұлан Жұмашев артынша таразы басын теңестірді. Мұнан кейін 1/8 кезеңде «Қайрат» қақпасына гол соққан Ерсултан Қалдыбеков те келесі 11 метрлік айып добын сәтті орындады. Ал осы кездесуде

таразы басын теңестірген Дәурен Жұмат «Қайсар» қақпашысынан айласын асыра алмады. Мұнан кейін алаңға шыққан Сыр клубы ойыншыларының ешқайсысы сыр алдырмады. Осылайша «Қайсар» Қазақстан кубогының келесі кезеңіне жолдама алды.

Жеңсенбіде жергілікті клуб «Тобылмен» өз алаңында тағы жолықты. Сыр жерінде қостанайлық клуб тағы сыр алдырды. Ойынның небәрі 2-минутында Айбол Әбікен есеп ашты. Нәтижелі пасстың авторы – тағы да Виктор Мозес. Жалпы Айбол бабында тұр, оны көшегі кездесуде де дәлелдеді. Арада небәрі 7 минут өткенде «Қайсардың» қайсар шабуылшысы дубль атанды. Мұнан кейін Жасұлан Жұмашев «Қайсар» қақпасына гол соқты. Осы есеп ойын соңына дейін сақталып, «Қайсар» Қазақстан премьер-лигасында 18 кездесуден кейін бірінші рет толық 3 ұпайға көл жеткізді. Осылайша ол турнирлік кестеде 9-орынға көтерілді.

Тартысты ойынды облыс әкімі Мұрат Ерғашбаев та жанкүйерлермен бірге тамашалап, жергілікті командаға қолдау көрсетті.

Алдағы сәнібде Сыр клубы «Қайрат» өз алаңында күтеді. Ал 28-мамырда «Елімай» Қызылордаға қонақ болады. Мұнан кейін «Қайсар» өз алаңында «Жеңіспен» Қазақстан кубогының жартылай финалында жолығады. Ал «Жеңісті» жеңсе, ақтық мөреде.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Палуан ана атындағы турнир



«Адамның жақсысы артында ізі қалады» дейді дана халқымыз. Кей адамдар өмірден өтсе де, артында қалған өнегесімен, ерен еңбегімен, елге сіңген адал қызметімен халық жадында мәңгі сақталады. Сондай ардақты жанның бірі – тыл ардагері, еңбек майданшысы, жауырыны жерге тимеген палуан ана Алмаш Қалилақызы. Биыл аудан жұрты аяулы анамыз рухына тағзым етіп, футболдан облыстық ашық турнир ұйымдастырды. Бұл – бір ғана спорттық жарыс емес, елге еңбегі сіңген аны ұлықтау, ұрпақ сабақтастығын жалғау, өнегелі өмірді жас буынға үлгі ету.

Орталық стадионда өткен Алмаш Қалилақызын еске алуға арналған облыстық ашық турнир биыл төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Спорттық додаға облыстың әр өңірінен 11 команда, 200-ге жуық ойыншы қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында аудандық дене шынықтыру, спорт және туризм бөлімінің басшысы Жайдарбай Есенов жарыстың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Спорт – татулықтың, бірліктің, достықтың алтын көпірі. Осындай тағлымды турнир арқылы біз тек жарыс өткізіп қана қоймай, елге еңбегі сіңген ардақты аның рухына құрмет көрсетеміз. Қатысушыларға сәттілік тілеймін, — деді ол.

Турнир тартысты өтіп, қатысушылар жанкүйерлерге керемет көрініс сыйлады. Бұл долада командалар барын салып, жеңіс жолында аянып қалған жоқ. Жарыс қорытындысында I орынды «Жүргенов» командасы иеленіп, 300 мың теңгелік жүлдеге қол жеткізді. II орынды «Наркескен» командасы алып, 200 мың теңге қаржылай сыйлыққа ие болды. Ал үздік үштікті түйіндеген «Ақсу» командасына 100 мың теңге табысталды.

Сонымен қатар үздік ойыншылар арнайы номинациялармен марапатталды. Мәселен, «Үздік шабуылшы» номинациясы Ақмейір Ашуханға табысталды. Ал «Үздік қорғаушы» номинациясына Шерхан Саудабек лайық деп танылды. Елнар Берікұлы үздік ойыншы атанса, «Үздік жартылай қорғаушы» номинациясы Даулетқан Батырханға бұйырды. Мұнан бөлек Дархан Сәбен «Үздік қақпашы» атанды. Олардың арқайсысына қаржылай сыйлықтар табысталды.

Турнирдің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан төрешілер де назардан тыс қалмады. Бас төреші Нұржан Төлеуғай жарыстың жоғары деңгейде өткенін айтып, ойын тәртібі мен спорттық мәдениеттің маңызын ерекше атап өтті. Ал Алмаш аның қызы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Қоғажай Ергалиева ұйымдастырушылар мен қатысушыларға алғысын білдірді.

– Анамыздың есімі ел ішінде ұмытылмай, осындай игі шаралар арқылы жаңғырып жатқаны – біз үшін зор қуаныш. Бұл – ана рухына деген құрмет, — деді ол.

Алмаш Қалилақызы 1932 жылы 15 мамыр күні Көкжиде ауылында дүниеге келген.



Балалық шағы соғыстың ауыр кезеңімен тұспа-тұс келді. «Жоқшылық жомарттыққа үйретеді» демекші, жастайынан еңбекке араласқан ана өмірдің ашы-тушысын ерте татты. Адал жар, аяулы ана 6 перзент тәрбиелеп өсірді. Бүгінде сол ұрпағынан 28 немере, 87 шөбере, 6 шөпшек тараған. Бұл – бір әулеттің ғана емес, тұтас елдің байлығы.

Жары Ерғали Тәжеңұлы 1927 жылы дүниеге келіп, ұстаздық қызмет атқарған. Кейін тағдыр тауқыметімен екі көзінен айырылса да, мойымаған қайсар жан аудандық соқырлар қоғамын басқарған. Ал Алмаш ана ер азаматтармен иық тіресе еңбек етті. Күршіші де болды, сушы да болды. Еңбектің қай саласында жүрсе де, маңдай терімен ел алғысына бөленді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тілпейбей» деген оның бүкіл ғұмырының айнасы іспетті.

Алмаш аның ерекше қыры – оның палуандығы. Қазақта «Батыр туса, ел ырысы» дейді. Қайсармәңзді ана ел арасында жауырыны жерге тимеген палуан болған. Қызы Қоғажайдың естелігіндегі бір оқиға – соның айқын дәлелі.

1953 жылы қақаған қыста анасы толғатып келе жатып, көл ортасындағы қалың қонағын ішінде босанады. Әскер шіңелін төсей, сөбінін дүниеге әкеліп, қайта жолға шығады. Бұл – екінші бірінші қолынан келмейтін ерлік. Осы оқиғаны еске алған анасы қызына: «Қыңдыққа мойымауды сол күндері үйрендің», — деп айтып отырады екен.

1972 жылы 7 қарашада өткен соңғы күресінде қарсылас шақ келтірмеген Алмаш

ана жүлдеге тігілген тауарды иеленген екен. Мұның өзі оның ел ішіндегі беделің, құшқайратын аңғарта берсе керек.

Алмаш ана адал еңбегінің арқасында бірнеше мемлекеттік марапатқа ие болды. 1970 жылы Лениннің 100 жылдығына орай «Ленин» орденімен марапатталды. 1975 жылы «Ударник девятой пятилетки» төсбелгісін иеленді. Сол жылы ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды.

Ол кісі өмірінің әр кезеңінде түрлі салада еңбек етті. Балық зауытында жұмысшы болды, наубайханада шебер қызметін атқарды, кейін Элеваторда ұзақ жыл еңбек етті. Қай жерде жүрсе де, адалдық пен еңбекқорлықты ту етті.

2020 жылы 9 шілдеде Алмаш ана 88 жасында дүниеден өтті. Бірақ «жақсының аты өлмейді» деген сөз осындайда айтылса керек. Артында қалған ұрпағы ана аманатын жалғастырып келеді. Оның өнегелі ғұмыры – бүгінгі жастарға үлгі. Бүгінгі турнирдің жоғары деңгейде өтуі – соның айғағы.

Алмаш аның төрт перзентті жалғыз тәрбиелеп өсіруі – үлкен ерлік. Қазақ ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» дейді. Бұл сөз дәл осындай аналарға арналас керек.

Тағдырдың ауыр сынына мойымаған Алмаш ана балаларын жеткізіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бүгінде Алмаш Қалилақызының есімі ел жадында. Оның еңбегіне толы ғұмыры, палуандығы, қайсарлығы – кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Л.САҒЫНТАЙҚЫЗЫ



Азияны бағындырған Арайлым

Табандылық пен талпыныстың жарқын үлгісі – Арайлым Аймағанбет. «Еңбек түбі – береке» дейді дана халқымыз. Адам баласының биік белесті бағындыруы – маңдай тер мен қажырлы қайраттың жемісі. Әсіресе жас буынның спорт саласында жарқырап, ел намысын халықаралық ареналарда қорғауы – Тәуелсіз еліміздің мерейін үстем ететін үлкен жетістік. Осындай үміт күттірер жалынды жастың бірі – Жалағаш ауданының мақтанышы, Гір тасын көтеруден Азия чемпионы Арайлым Мирамбекқызы.

Арайлым 2009 жылы 11 қыркүйекте Жалағаш ауданында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Алты ағайынның ортасында өскен ол – бес қыз бен бір ұл тәрбиелеп отырған өнегелі шаңырақтың перзенті. Әкесі Мирамбек Есназаров №202 мектепте ұстаз әрі бапкер қызметін атқарады. Ал анасы Гүлнұр Абраимова – бала тәрбиесінің майталманы атанып жүрген тәжірибелі тәрбиеші. Осындай тәрбиелі де берекелі отбасында бойжеткен Арайлым жастайынан еңбекке, тәртіпке, төзімділікке баулып өсті.

«Әке көрген оқ жонар» деген нақыл бар. Әкесінің спорт саласындағы еңбегі мен жеңіске деген жігерін көріп өскен Арайлым да кішкентайынан спортқа ерекше қызығушылық танытты. Әсіресе бір тасын көтеру оның жүрегіне жақын болды. Мектептің 5-сыныбынан бастап осы спорт түрімен тұрақты айналысып, жаттығу залын өзінің екінші үйіне айналдырды.

Спорт – тек күш сынасу алаңы емес, мінезді шыңдайтын, рухты тәрбиелейтін үлкен мектеп. Бұл жолда табандылық, тәртіп пен төзім керек. Арайлым да сансыз жаттығулар мен маңдай тердің арқасында биік белестерге қадам басты. Оның әрбір жетістігінің артында тынымсыз еңбек, қажымас қайрат және үлкен сенім жатыр.

Бүгінде Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің 10-сынып оқушысы Арайлым Аймағанбет аудан ғана емес, облыс мақтанышына айналып отыр. Жас спортшы түрлі жарыста топ жарып, өзінің қарым-қабілетін дәлелдеуде. Оның спортқа деген адалдығы мен қайсарлығы көптеген жасқа үлгі болары анық.

Жұырда Ақтау қаласында өткен Азия чемпионатында Арайлым ел намысын абыроймен қорғап, бір тасын көтеруден Азия чемпионы атанды. Бұл – тек бір шәкірттің жеңісі емес, тұтас елдің мерейі. Халықаралық долада көк туымызды көкке көтеріп, Әнұранымызды шырақтатқан жас чемпионның жеңісі әрбір қазақтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялтырды.

– Бұл жеңіс – менің ғана емес, ата-анамның, бапкерлерімнің және маған сенім артқан барша жанның еңбегінің жемісі. Әрбір жарыс маған үлкен жауапкершілік жүкттейді. Алдағы уақытта да Қазақстанның көк туын әлемдік ареналарда биікке желбірету үшін аянбай еңбек етеміз, — деді Арайлым.

«Жігерлі адам жеңіске жетеді, білімді адам биікке жетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Арайлымның бүгінгі жетістігі – оның қайсар мінезі мен табанды еңбегінің нәтижесі. Ол жеңіске жету үшін талай қиындықты өңсеріп, талай тер төкті. Әрбір жаттығу жаңа сынақ, әрбір жарыс үлкен жауапкершілік екенін жете түсінді.

Спортшы үшін жеңіс оңайлықпен келмейді. Таңы жаттығу, үздіксіз дайындық, уақытпен санаулау – бәрі де болашақ биіктерге бастайтын баспалдақ. Арайлым да осы жолда ерінбей еңбек етіп келеді. Оның қайсарлығы мен төзімділігі – көпшілікке үлгі.

Осындай жетістікке жетуіне ұстаздары мен бапкерлерінің еңбегі зор. Әсіресе шәкірттің қабілетін шыңдап, дұрыс бағыт берген бапкері Абдулхасан Сейтеновтың орны ерекше. Бапкер мен спортшы арасындағы сенім мен тынымсыз еңбек үлкен жеңіске бастады. Шәкірттің әр жетістігі – бапкер еңбегінің де жемісі.

Арайлым облыстық жарыстарда да топ жарып, бас жүлделерді иеленіп, қаржылай сыйлықтарға қол жеткізді. Бұл жетістіктер жас спортшының жігерін жанғып, жаңа белестерге ұмтылуына үлкен серпін берді.

– Маған әрдайым қолдау көрсетіп, спорттағы жолымды шыңдаған Абдулхасан ағайыма ерекше алғысымды білдіремін. Жеңіске жету жолында бағыт-бағдар беріп, сенім артқан ұстазымның еңбегі зор. Облыстық жарыстарда жеңіске жетіп, бас жүлде алған сәттерімде ағайымның қолдауы маған үлкен күш сыйлады, — деді Арайлым.

Ұстаз – шәкірт жүрегінен жол табатын шамшырақ. Ал бапкер – спортшының рухын жанитын тұлға. Арайлымның бойындағы батылдық пен намысты қалыптастыруда ұстаздарының тәлімі зор болды. Мектеп ұжымы да жас чемпионға әрдайым қолдау білдіріп келеді.

«Талант туады, талап шыңдайды» дейді халық даналығы. Арайлым бойындағы табиғи қабілетін еңбекпен ұштастырып, үлкен жеңістерге жетіп отыр. Оның бұл табысы – тек өзінің ғана емес, ата-анасының, ұстаздарының, мектебінің, туған өлкесінің ортақ қуанышы.

Бүгінгі жас ұрпақтың спортқа бет бұруы – ел болашағының жарқын көрінісі. Себебі спорт – денсаулық көпірі ғана емес, ел намысын қорғайтын рухты азаматтарды тәрбиелейтін үлкен орта. Арайлым секілді жастардың жеңісі өзгелерге жігер береді, арманға қанат бітіреді.

Қазақ халқы қашанда қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Бүгінгі қазақ қыздары тек білім мен өнерде ғана емес, спорт саласында да биіктерді бағындырып келеді. Арайлым Аймағанбет – сол өр рухты қазақ қыздарының жарқын бірінесі. Оның жеңісі – қазақ қыздарының қайсарлығы мен батылдығының дәлелі.

Азия чемпионаты – үлкен дайындық пен зор жауапкершілікті талап ететін халықаралық дода. Мұндай жарыста жеңіске жету көз келген спортшының маңдайына жазыла бермейді. Сондықтан Арайлымның бұл жетістігі – үлкен мақтаныш әрі жастарға үлгі боларлық тарихи сәт.

Жеңіс туғырына көтерілген сәтте көк туымыздың желбіреуі – әр қазақтың арманы. Сол арманды ақиқатқа айналдырған жас чемпионның еңбегі зор құрметке лайық. Оның әрбір жетістігі туған жерінің мерейін өсіріп, ел абыройын асқатқатуда. «Ел үмітін ер ақтар» дейді дана халқымыз. Бүгінгі таңда Арайлым – ел сенімін арқалаған талантты спортшының бірі. Оның алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, әлем чемпионаттарында ел намысын қорғайтынына сенім мол.

Жас чемпионның бұл жеңісі – кейінгі жас буынға үлкен мотивация. Арманға адал болып, мақсатқа талмай ұмтылған жанның алар асуы биік болатынын Арайлым өз ісімен дәлелдеп отыр. Оның спорттағы жолы – төзім мен табандылықтың тағылымды мектебі.

Аймақ мақтанышы – тек чемпион ғана емес, еңбекқорлықтың, қайсарлықтың, намыстың символына айналған жас талант. Оның болашағынан үлкен үміт күтеміз.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

ТАНЫМ

Сансыз сырлы Сауысқандық

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпа өзенінен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзінен

Сапар осылай басталды...

Біз әуелде Қызылордадан шығып, екі сағаттай уақытты артта қалдырдық. Бағыт – Шиелинің Еңбекші ауылы. Дәл осы үлкен жолдың («Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны) бойынан солға қарағанымызда Қаратаудың соңғы сілемдері мұнартып жатқан. Ендігі барар жердің мекесі алыс емес. Әрине, жүрек көлікпен солай. Міне, жүргізушіміз де Шиелинің өлке тұсынан солтүстікке қарай шағын жоқта бұрылмақ ниетін аңғартты. Репін де солай бұра берген.

Ілгері өтпелеп келеміз. Ендігі жолды тегіс асфальтты деуге келмес. Ойдымыз көп жолда көлік доңғалаған алақашқан шопырдың да қабағы оңбай тұр. Алда тал-шыбығы мол ауыл көрінді. Әлгі айтқан Еңбекші дейтін ел осы. Ал біздің көлік жол бағытымен ауыл сыртын орай айналады.

- Алда әлі 60 шақырым жол бар.
- Оны білдік. Жолы тегіс пе?
- Машина алқынатындай емес. Әзір жақсы.

Көлік алдында отырған әріптестердің өңгіме ауаны осындай. Шағын автобусымыз тау бөктерінен кен тасып жатқан үлкен жүк көлігінің біріне ілес берді. Ал бұл жақтан жергілікті кәсіпорын ваннаиді өндіретінін бұрын естідік. Кен орны да тау арасындағы Сауысқандық шатқалында екен.



Біздің де іздегеніміз осы мекен. «Сыр медиа» серіктестігінде істейтін бір топ әріптестің қызығушылығын оятқан дүние тау ғана емес. Осында сан ғасыр бұрын тасқа таңбалаған бейнелердің бір бөлігін көзбен көрмек. Таң білінер-білінбестен қаладан ерте аттанғаны да сол. Ал бұралаң жол тау арасына жетелеп барады...

Шиелидегі жергілікті тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Бекболат Әбубәкі бастаған жігіттер күтіп алған Амандық, жол болсын айту, келген мақсатты қысқашалап жеткіземін дегенше жарты сағат уақытты «жеп» бітірдік. Мұнан соң қызығы мен құпиясы көп шатқалға қарай өздері ілестірген Қатпарланған жартасты қиялап өрлей бердік.

Археологтардың берген мәліметінде суреттер біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдық шамасында тасқа қашалып жазылған. Олар да бір мерзімді нақтылап көрсете алмайды. Қола дәуірінен бері қарай есептесек, орта ғасыр не одан беріректе қашалуы әбден мүмкін. Бұл ескерткіш аумағы 2013 жылдың желтоқсанынан бері мемлекет қорғауына алынды. Оның алдында, дәлірек айтсақ, 2004 жылы Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы профессор әрі жерлесіміз Мадияр Елеуов басқарған «Тұран» археологиялық экспедиция мүшелері зерттеді. Жартаста салынған суреттердің ірі шоғыры табылған кез де осы уақыт. Әрине, оған дейін жергілікті халық, мал өрістеткен ағайындар бұл суретті көрмеді емес, көрді. Дегенмен ғылыми

Қола дәуірінен жеткен қазына

Сырда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы айтқандай, қойнауын тұртып, тарихи тәлімді Қаратау жотасында құпия көп. Тек зерттеуі кемшін. Белгілісі, осындағы Сауысқандық шатқалындағы тастағы бейнелер. Осы петроглифтердің нақ қай заманда салынғаны жайында тек ғылыми есептеулер ғана бар. ЮНЕСКО тізіміне алдын ала үміткер ретінде тіркелген орынының бүгінгі қалпын баяндадық.

Алғашқы тақырыпта айтқанымыздай, біз тарихи жәдігерлер топтасқан маңға жеткенімізде, аудандық «Өскен өңір» газетінің бас редакторы, белгілі журналист Нұрболат Пірімбет пен

зерттеуге кейінірек ден қойылды ғой, – дейді жол-жөнекей Бекболат аға.

Өлкетанушының айтуынша, мемлекет қорғауға алған бірнеше гектар аймақты кейін Сағынбай Мұрғабаяев бастаған археологтар көбірек зерттеп жүр. Жалпы Сауысқандыққа барғанымызда тау етегінен басталған мұндай петроглифтер жоғарылаған сайын көбірек көзге түсе бастайды. Көзге де анық көрінгені, мысалы, шоқпарлы ер адам, дабылдатқш ұстаған бі тобы, арба, жылқы, түйе, арқар, басқа түрлі жабайы аң немесе құс бейнелері сол дәуірдегі адамдардың тұрмыс салтын, шаруашылығын, діни түсініктерін бейнелейтіндей.

Президент айтқандай, сонау қола дәуірінен қазіргі заманға дейін жеткен мұндай қазына сөз жоқ, ұлықтауға лайық. Жан-жануарлар мен анышлық, өзге де бейнелерді тасқа түсірген халықтың өз тұрмысын анық айқындап тұр емес пе? Әрі біздің Сыр бойындағы байнелеу өнерінің тарихи осы Қаратау сілемдеріндегі жартастар бетіне қашап, ойып салынған адамдар мен жануарлар тұрпатты петроглифтерден басталатыны рас дүние, – дейді Бекболат Әбубәкі.

Қамқорлық әлі де қажет

Тастағы әр суретке үңіле қараймыз. Кейбірі тіптен анық, енді бір сурет бұлыңғырлана бастаған. Бір келеңсіз нәрсе – қашалған петроглифтер жанына кейінгі келушілер салған жағымсыз суреттер. Адам есімдері немесе басқа да түрлі таңбалар.

Бұл – тарих. Құрметпен қарау керек. Келушілер, әсіресе жастар осындай қосымша петроглифтер жанына неше түрлі сурет салып, есімін жазып кетеді. Екінші мәселе – өндірістің жақын маңда орналасуы. Әл-інде сіздер өткен жолда ваннаиді кен кәсіпорнын байқадыңыздар ғой. Ваннаиді осы тау қыртыстарынан алады. Әрине, жарылғыш зат қолдана отырып, тау арасын сөгеді. Мұндай дүмпу әр таңбалы тастың орнынан жылжып не құлап, бірінің астына бірі түсіп, көзге көрінбей қалуына әкеліп отыр. Одан бөлек табиғи фактор, ауа райының әсерін қосыңыз. Сөйсенді, бұрын осында 12 мыңнан астам сурет болса, қазір 2 мыңға жуық петроглифтен айырылып қалдық деп айтуға болады. Жалпы тастағы суреттердің негізгі бөлігі таудан бері қарай ағатын арна бойында жатыр, – дейді Б.Әбубәкі.

Ержан ҚОЖАС, Фотос: Н.НУРЖАУБАЙ

Бала денсаулығының жанашыры

Айтпақшы, кішкентай батырдың аты – Альтаир. Ол массажды толық аяқтап, оң нәтижеге қол жеткізгені үшін алғашқы алғыс хатын да алып үлгерді.

Ұлымды босанғаннан кейін дәрігерлер оған гипоксия деген диагноз қойды. Балам түнімен мазасызданып, жиі жылай беретін. Содан 2,5 айлығында Анар Қанатқызына әкеліп, алғашқы емдік шараларымызды бастадық. Қазір шүкір, баламның себепсіз жылауы тоқтады. Тәбеті де жақсарып келеді. Массаждың әсерінен басын көтеріп, бір қырына аунай бастады. Бұрын денесі қатты болатын, ол да біртіндеп жұмсара түсті. Массаж курсынан кейін кеше Қызылорда қаласындағы жеке клиникалардың бірінде қайта тексеруден өткіздім. Дәрігерлер гипоксия белгілерінің жоқ екенін айтты. Енді аздаған үзілістен кейін тағы бір курс ем қабылдауды жоспарлап отырмын, – дейді анасы Алтынай Қожаева.

Білікті маманның негізгі мамандығы – химия пәнінің мұғалімі. Дегенмен бұл салада тек жастар тәжірибесі бағдарламасы аясында ғана еңбек еткен. 2020 жылы қызын дүниеге әкелгеннен кейін оның денесі шымыр, қимылы ширақ болып өсуі үшін массаж жасайтын маман іздегенін айтады. Алайда көңілінен шығатын маманды таба алмай, осы саланы өзі терең меңгеруге бел бұған. Алғашқы білімді ол Алматы қа-



Нәтижесінде балалардың жалпы дамуы жақсарып, қозғалыс белсенділігі артады, сондай-ақ ерте жүру мен сөйлеу дағдыларының қалыптасуына оң әсер етеді.

Ол күніне 6-7 бала қабылдайды. Алдымен балаларға өз қолымен массаж жасап, кейін емдік процедураны гидрованна арқылы жалғастырады. Маманның сөзінше, ем алуға тек кент тұрғындары ғана емес, аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекендердің тұрғындары да жиі келеді.

Гипоксия, гипертонус, ДЦП диагнозы бар балалар үшін гидрованнадағы судың дыбысының өзі көп көмектеседі. Бұл массаж қан айналымын жақсартып, қозғалысы шектелген бұлшық еттері тартылып қалған балалардың денесін босаңсытуға ықпал етеді. Кейіпкеріміз бүгінге дейін жұмыс барысында ДЦП диагнозы бар бірнеше балаға ем жүргізгенін айтады. Оның сөзінше, алғаш келген кезде бала қол-аяғын еркін соза алмаған. Тіпті анасы баласын киіндірудің өзі қиын екенін айтқан. Гидрованна арқылы массаж алғаннан кейін баланың аяқ-қолы біршама босаңсып, еркін созып, қозғалысы жеңілдеп түскен. Соның нәтижесінде анасы да баласын бұрынғыдай киінуді киіндіре алатын хәлге жеткен. Білікті маманның айтуынша, тіпті ешқандай диагнозы жоқ дені сау балалардың өзі бір жасқа дейін кемінде үш курс ем алуы тиіс. Ал диагнозы бар балаларды тексеру барысында олардың жағдайына қарай жеке кеңес беріліп, тиісті ем тағайындалады.

Маған емге көбіне дисплазия диагнозы қойылған балалар жиі келеді. Бұл жамбас ұршығының дұрыс дамымауы салдарынан болады. Менің тәжірибемде 3 курс емдік шаралардан кейін балалардың жағдайы айтарлықтай жақсарып, дисплазиядан айығады. Сонымен қатар мойны жабысқан балалар да жиі келеді, олар да ем қабылдау арқылы оң нәтижелерге қол жеткізді. Былтыр ем қабылдауға 20 апталық мерзімде

дүниеге келген, яғни шала туған нәресте келді. Салмағы шамамен 2 келіге де жетпейді, өте кішкентай болды. Ерте туғасын ауруханада ол арнайы медициналық құрылғыда жатқан. Соның салдарынан мойны мен дене қалпы қисайып қалған, себебі ұзақ уақыт қимылсыз, тек бір қырындап жатқан. Шыны керек, бала бір курс массаждан кейін-ақ айтарлықтай оң өзгеріс көрсетіп, дене қалпы түзеле бастады. Кейін екінші курсы қабылдаған соң салмақ қосып, жалпы жағдайы жақсарды, – дейді Анар Қанатқызы.

Оның алға қойған мақсаты айқын, яғни тек массаж бен гидрованнамен шектеліп қалмай, кәсіби логомассажд түрін қосуды көздеп отыр. Айтуынша, бұл массаж баланың дұрыс сөйлеу дағдыларының қалыптасуына септігін тигізеді, яғни логомассажд барысында тек тіл бұлшықеттерімен ғана жұмыс жасамай, мойын бұлшықеттеріне де ем жүргізбек. Қазіргі таңда ол бұл бағыттағы оқуды онлайн форматта меңгеріп алғанын, алдағы уақытта өз білімін одан әрі тереңдетіп, қосымша оқудан өтуді жоспарлап отырғанын айтады.

Мұнан бөлек кейіпкеріміз остеопатия оқуын да меңгеріп жатқанын хабарлады. Бұл білім арқылы балалардың қозғалыс дағдыларын, соның ішінде жүру қабілетін дамытуға ықпал етуді көздеп отыр. Ол кәсіби біліктілігін арттыра отырып, осылайша өзінің көкжиегін кеңейтпек.

Негізгі массажды дені сау балаға, оны шынықтырып, ерте дамыту, нық әрі тез жүріп кету мақсатында жасайды. Алайда біз бала жаны ауырып, дәрігерлер қандайда бір диагноз қойғанда ғана қажетті маманның көмегіне жүгінеміз. Бала саулығының сақшысына айналған Анар Қанатқызы да бұл сөзімізді растап, баланы тек ауырығанда ғана емес, ауырмай тез жетілуді үшін арнайы маманға қарату қажеттігін қаперге салды.

Сезім НҰР БАСЫ 1-BETTE

Қазақ шаңырағында тәрбие отбасы, ошақ қасынан басталды. Әке келмей асқа қол созылмады, бата берілмей дастархан жиылмады. Келген қоңақты төрге оздырып, қызын қырық үйден тыйды. Осындай терең тәрбиені қалыптастырған көшпенді халықтың даналығына қалай таңданбайсың?! Қазақ хандығы құрылғалы бес ғасырдан асса, ел егемендігін алғалы отыз жылдан озды. Уақыт жылжыды, ой мен түсінік өзгерді, жанашыл көзқарас келді. «Салттың озығы мен тозығы бар» дедік те, кей құндылықтарды заманның ығына жығып, ысыра қойдық. Дұрыс істедік пе, әлсіздік таныттық па? Оны уақыт елегінен өткізіп, бағасын берер.

Отбасы — ел байлығы



1993 жылы БҰҰ 15 мамырды Халықаралық отбасы күні деп бекітті. Отбасының қоғамдағы орнын әлем болып мойындағанының белгісі емей немене? Қай заманда бөліп қарасыз да ұлттың да, мемлекеттің де берік негізі – осы отбасы. Қазіргі күні жыл сайын ұйымдастырылып жүрген «Мерейлі отбасы» сынды шаралар – сол адамзаттың алғашқы мектебі саналатын отбасы институтын нығайтудың бір көрінісі.

Өткен аптада аудандық балалар кітапханасында да айтулы күнге орай мерекелік сайыс ұйымдастырылып, ерекше көңіл күймен атап өтілді. «Отбасылық құндылықтар – сарқылмас байлық» атты отбасылық сайыс алты кезеңнен тұрды. Үш отбасы тек бақ сынап қана қоймады, ұйымшылықтың, бірліктің үлгісін көрсетті.

Бұл мерекені атап өтудің өзіндік маңызы зор. Себебі мемлекет шағын отбасылардан құралады. Бүгінде бұл күн қоғамдағы құндылығы жоғары мерекенің біріне айналып келеді. Өйткені отбасын тәрбиелейтін тек жеке шаңырақ қана емес, қоғамдық орта да әсер етеді. Қазақтың менталитеттен алыстай бастаған шақта негізгі салмақ ата-анаға түсетіні анық. Сондықтан өткізіліп отырған осындай шаралар – отбасы құндылығын сақтауға бағытталған игі жұмыстың бір журнағы, – деді кітапханашы Гүлсім Әлиасқарқызы.

Сайысқа қатысушы Есжановтар, Маратовтар және Талғатовтар әулеті алғашқы кезеңде өздерін өлең шумақтары арқылы таныстырды. Келесі турда кітап кейіпкерлері жасырылып, Таза бала, Қожа, Абай сынды әдеби тұлғаларды жақсы білетіндер үшін бұл кезең сәтті өтті. Жылдамдық пен білім қатар сыңға түскен сайыстың бұл кезеңінде алғыр қатысушылар алға шықты. Үшінші кезең нұсқаулығы бойынша бір топ отбасылық сурет кескіндерімен коллаж жасаса, енді бірі постер ұйымдастырған.

Үстел беті түрлі құралдарға толы, желімдер, қағаздар, қайшы. Уақытпен жарысқан әр сәт. Жарыстың тартысы мұнымен шектелмей келесі кезеңде мақал-мәтелдердің жалғасын табуға ұласты. Мұнда да шапшаңдық, мұнда да білім. Кенет домбыраның қоңыр үні күмбірлей жөнелді. Бағаналы арналыс, алтыру қайда? Шағын ғана залда отқан жұрт бір сәт кең даланы шарлап кеткендей арқаларын кенге салған. Өнерлерін ортаға салатын сайыстың кезекті тапсырмасы басталып кеткен екен. Шара өз мәресіне таяғанда қатысушы топтар бір-біріне ізгі ниеттерін білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді. Тиянақты дайындықпен келген Маратовтар әулеті бірінші орын иеленсе, ой мен сөзге жүйрік Талғатовтар екінші орынға тұрақтады. Ал табан астынан қиыстырып жауап беретін зеректігімен танылған Есжановтар әулеті үшінші орынға жайғасты.

Жоғары деңгейде өткен сайыс өз мәресіне де, мақсатына да жетіп, арнайы марапаттармен бірге сыйлықтар табысталды. Уақыт өзгеріп, ұрпақ алмасса да қарашаңырақтың қадірі биік болып қала бермек. Келешекке аманат болар құндылықтар да осындай ортада қалыптасады.

Гүлжан ЕСЖАН

Дерт дендемесін десек...

Шипа

Елімізде 250 мыңнан астам адам созылмалы жүрек жеткіліксіздігі сырқаты бойынша есепте тұр. Сорақысы, бұл тек тіркелген науқастар саны ғана. Дертке шалдығып, дер кезінде тексерілмей жүргендер бұдан да көп. Ал аудандағы ахуал қандай? Жалпы созылмалы жүрек жеткіліксіздігі деген қандай сырқат? Бұл сырқаттың алдын алу жолы бар ма? Осы және өзге де сұрақтарға аудандық емхана кардиологы Ақнұр Каметовамен құрған сұхбатта жауап алдық...



Дәрігердің айтуынша, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі – жүректің қанды ағзаға жеткілікті деңгейде айдай алмауынан туындайтын дерт. Соның салдарынан адам тез шаршап, өңгігіп, аяқ-қолы ісінуі мүмкін. Бұл дерт көбіне инфаркт, қан қысымы, қант диабеті сынды аурулардың асқынуынан пайда болады. Егер баспалдаққа көтерілгенде ауа жетпей, өңгігіп немесе аяғыңыз жиі ісіп, тез шаршау сынды белгілерді байқасаңыз, дереу дәрігердің көмегіне жүгініңіз деген. Өздеріңіз білесіздер, қазір дерт жас таңдамайды. Жүрек жеткіліксіздігі сырқаты да солай, кез келген жастағы адам шалдығуы мүмкін. Әсіресе егде жастағы науқастар жиі ауыруда.

Кейіпкеріміз дертті емдеуге болатынын айтады. Науқас толық жазылмаса да, оның жағдайын бақылауда ұстап, дерттің асқынуын тәжеп, жүрек жұмысын жақсарту алады. Ол үшін науқас ең алдымен дәрігерге уақытылы қаралып, тағайындалған дәріні үзіліссіз күнде қабылдау керек. Ақнұр Ханзуллақызы тұрғындарға жүрек саулығын сақтау үшін қарапайым үш ережені күнделікті ұстауға кеңес береді.

– Мен науқастарға ең алдымен тұздан бас тартуға кеңес беремін, яғни тұзды тағамдардан түбегейлі бас тарту міндет емес, дегенмен мөлшерін азайту керек. Тұздалған балық, шұжық секілді тағамдарды күнделікті аз қолданған жөн. Сондай-ақ үнемі қозғалыста болу маңызды, яғни күніне 30 минут таза ауада жаяу жүруге кеңес беремін. Мұнан бөлек энергетикалық сусындар мен шылым, арақтан бас тарту керек. Сонда ғана тұрғындар өз денсаулығын сақтай алады, – дейді Ақнұр Каметова.

Маманның сөзінше, аталған диагноз бойынша диспансерлік есепте тұрған науқастар мөлшек тарапынан тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Ол үшін кардиолог немесе аймақ дәрігері науқасқа «созылмалы жүрек жеткіліксіздігі» диагнозын қойып, диспансерлік есепке тіркеу керек. Қазіргі таңда осы дерт бойынша ауданда 200-ге жуық науқас тұрақты бақылауда. Өкінішке орай денсаулығына немқұрайлы қарап, ауруын жасырып жүретін тұрғындар да жиі кездеседі. Сондықтан созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің алдын алу және оны емдеудің маңызын насихаттау мақсатында 12-15 мамыр аралығында аудандық емханада «Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі» апталығы өтті. Апталықтың басты мақсаты – ауруды ерте танып анықтап, оның асқынуына жол бермеу, сондай-ақ тұрғындар арасында жүрек саулығының маңызын кеңінен насихаттау.

Кейіпкеріміз апталықтың алғашқы күні аудан тұрғындарымен кездесіп, аталған дертке шалдыққан науқастар үшін дәрі-дәрмекті уақытылы қабылдаудың маңызын кеңінен тарқатты. Сонымен қатар тұрғындарға қан қысымын дұрыс өлшеу тәсілдерін үйретіп, денсаулығын бақылауда ұстаудың қарапайым жолдарын көрсетті. Мұнан бөлек білікті маман дұрыс тамақтану, тұзды тағамдарды шектеу және уақытылы медициналық тексеруден өтудің маңызын да ерекше атап өтті. Сондай-ақ жүрек саулығын сақтау бағытында пайдалы кеңестер беріліп, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға да жауап берді.

Апталықтың екінші күні Қаракеткен ауылында ақпараттық-түсіндіру және медициналық қабылдау шарасы ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындарының денсаулығына алаңдаған кардиолог Ақнұр Ханзуллақызы кездесуде созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің алдын алу жолдары, аурудың алғашқы белгілері, қауіп факторлары және дерт кезінде дәрігерге қаралудың маңыздылығы жөнінде кеңестер беріліп, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға да жауап берді.

Мұнан бөлек апталық аясында тұрғындарға қолжетімді медициналық көмек көрсету мақсатында жылжымалы медициналық көшен ұйымдастырылып, азаматтарға көшенді тексеру жүргізілді. Қабылдауда әрбір тұрғын жеке қаралып, электрокардиография (ЭКГ) және эхокардиография (ЭХОКГ) зерттелуінен өтті. Дәрігер тұрғындардың денсаулығын бақылап, қажетті кеңес берді. Халық саулығын нығайтуға бағытталған мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Бүгінде энергетикалық сусындарды тұтыну әсіресе жастар арасында кеңінен белең алып келеді. Көбісі оның зиянын білгенімен, ағзаға, әсіресе жүрек жұмысына қаншалықты кері әсер ететінін жіті түсіне бермейді. Осыған байланысты апталық аясында «Энергетикалық сусын – жүрекке атылған оқ» тақырыбында арнайы бейнеролик түсіріліп, зиянды сусындардың адам денсаулығына тигізер әсері қаншалықты зиян екені жан-жақты түсіндірілді. Кейіпкеріміз энергетикалық сусындарды жиі қолдану жүрек қағысының бұзылуына, қан қысымының көтерілуіне және жүрек-қан тамырлары ауруларының асқынуына алып келуі мүмкін екенін тілге тиек етті.

Білікті дәрігердің айтуынша, апталық аясында ұйымдастырылған ашық есік күнінде өңгігіп, шаршау сынды шағымдармен келген 148 тұрғын дәрігерлік қабылдаудан өткен. Оның ішінде 42 тұрғын Қаракеткен ауылында арнайы медициналық тексеруден өткен. Сонымен қатар 25 тұрғын пациенттер мектебінде қан қысымын дұрыс өлшеу тәсілдерін үйреніп, денсаулығын бақылаудың маңыздылығы жөнінде ақпарат алған. Тексеру барысында 22 тұрғынның алғаш рет артериялық қан қысымының жоғарылауы анықталса, 14 науқастың емдеу шараларына түзетулер енгізіліп, мұнан бөлек 8 адам жоспарлы стационарлық емге жолданып, 18 науқасқа ЭХОКГ зерттеуі жүргізілген.

Апталықтың соңғы күні 45 жасөспірім мен студенттер арасында профилактикалық түсіндіру жұмыстары күшейтіліп, оларға энергетикалық сусындардың адам ағзасына, әсіресе жүрек жұмысына тигізетін зиянды жақтары түсіндірілген.

Білікті кардиологпен құрған сұхбаттан түйгеніміз, кез келген дерттің алдын алу ең алдымен адамның өзіне байланысты. Сондықтан денсаулыққа немқұрайлы қарамай, ауру белгілері байқалған сәтте дерт кезінде дәрігер көмегіне жүгініңіз деген. Сондай-ақ зиянды сусындар мен денсаулыққа кері әсер ететін тағамдардан бас тартып, салауатты өмір салтын ұстану қажет. Біздікі, тек оқырманға өй салу. Әр адам ең алдымен өз денсаулығына жауапты. Сондықтан денсаулығымызды түрлі дерттен қорғау өз қолымызда екенін естен шығармайық.

Сезім НҰР

Маман мерейі

Мейіргер Бақыт



Соңғы уақытта денсаулығым сыр беріп жүргесін аймақтық дәрігер Гүлжайна Ерланқызына қаралып, қажетті тағамдардан өттім. Нәтижесін көрген ол гемоглобин деңгейінің өте төмен екенін айтып, күндізгі бөлімде ем қабылдауға кеңес берді. Сөйтіп қолыма жолдаманды алып, дәрігер бағыттаған бөлімге қарай бет алдым.

Бөлім меңгерушісі Гүлжайна Ұзақова диагнозыма сәйкес қажетті ем-шараларды тағайындап, бүгіннен бастап ем қабылдауды ұсынды. Мұнда әйелдерге, ерлерге және ардагерлерге арналған арнайы палаталар қарастырылған. Әр палата да ем алып жатқан тұрғындар бар. Мұндағы мейіргерлердің еңбегі ерек, себебі олардың жұмысы қауырт. Олар әр науқастың жағдайын жіті бақылап, уақытпен санаспай қызмет етеді. Бірі дәрі-дәрмекті дайындап жатса, енді бірі ем қабылдаушылардың хал-жағдайын сұрап, қажетті көмегін көрсетіп жүр.

Мейіргердің бірі маған жылы жүзбен қарап, «әйелдер палатасына барып орналаса беріңіз, қазір дәрілеріңізді апарып саламыз» деп палатаға қарай жол сілтеді. Мұнда ем қабылдап жатқан жандардың басым бөлігі егде жастағы аналар екен. Тамырым өте жіңішке болғасын, кез келген мейіргер бірден таба бермейді. Сондықтан ем алушылардан мұндағы мейіргерлер туралы сұрастырдым.

Сонда палата төрінде ем алып жатқан бір әже «Уайымдама, қызым. Мұнда Бақыт деген мейіргер апаң бар. Ол кісі тамырыға тез өрі жеңіл түседі» деді. Әжейдің сөзін менің оң жағымда жатқан орта жастағы ападай да қостап «иә, Бақыт апаның қолы жеңіл. Мен бірнеше жылдан бері сол кісіден ем алып келемін» деп мейіргердің жұмысына көңілі толанынын жеткізді. Сөйтіп отырғанымызда есіктен қолына дәрі-дәрмекін ұстаған Бақыт апа да кіріп келді. Науқастардан «Барлығы жақсы ма?» деп сұраған ол менің жанымға келіп, дәрігер тағайындаған қажетті дәрі-дәрмекті сала бастады. Ем алушылар айтқандай-ақ, Бақыт апа тамырымды тез тапты. Осылай ол алғашқы емімді бастап, «ем болсын» деп дәрмен де, өземін де дертіме шипа берді. Ақхалатты абзал жанның қасиетіне риза болып, оның тәжірибелі маман екенін аңғардым.

денсаулығын уақытпен санаспай күзетіп, батасын алған.

– Өдеттегідей жұмыс күндерінің бірі еді. Кешкі уақытта емханаға толғағы қысқан жүкті әйел жеткізілді. Алайда дәл сол күні өкінішке орай мекемеде жүкті әйелдерді қарайтын акушер маман болмады. Емханада менен бөлек тек тазалықшы қызметкер ғана бар еді. Әйелдің толғағы жиілеп, жағдайы қиындап тұрған соң аудан орталығына жеткенше босанып қоятын аңғардық. Сол сәтте жанымдағы әріптесім екеуіміз тәуекелге бел буып, келіншекті өзіміз босандырып алуға шешім қабылдадық. Шынымы айтсам, қатты қорықтым. Себебі мен акушер емеспін, оған дейін мұндай жағдайды бастан өткермегенмін. Дегенмен медицина қызметкері болғандықтан алдына көмек сұрап келген жаннан «қолымнан келмейді» деп сырт айналып кете алмаймыз. Абырой болғанда келіншек аман-есен босанып, дүниеге қыз бала келді. Сол күні күнәш пен қорқыныш әлі күнге дейін өсімде. Кейін сәби бір жасқа толғанда анасы ризашылығын білдіріп, қызын емханаға әкеліп, маған тұсауын кестірген болатын. Біз үшін халықтың денсаулығы бәрінен маңызды, – дейді ол.

Кейіпкеріміз ауылдық емханада жинаған мол тәжірибесінен кейін еңбек жолын аудандық емханадың күндізгі емдеу стационарында жалғастырып келеді. Медицина саласында 40 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маманның осы бөлімде қызмет атқарып келе жатқанына да 20 жылдан асыпты. Осынау үшін де ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, науқастардың алғысына бөленіп келеді.

Оның айтуынша, бөлімде жыл басынан бері 1200-ге жуық науқас ем қабылдаған. Ол күн сайын дертіне ем іздеп келетін тұрғындардың қатары қалың екенін айтады. Мәселен, бүгінгі күннің өзінде түске дейін 50-ге жуық тұрғынға түрлі ем-шара жүргізілген. Кейіпкеріміздің сөзінше, бөлімге келетін науқастардың басым бөлігі қанандық, қан қысымы, қант диабеті, остеохондроз, артрит және жүйке жүйесі аурулары бойынша ем қабылдайды. Мұнда әр науқастың жағдайына қарай дәрігер тағайындаған ем бойынша тиісті ем-шара жүргізіледі.

Өне-міне дегенше сағат тілі 13:50-ді көрсетті. Сұхбатымызды кілт белген кейіпкеріміз «қазір науқастар өкініш ауысым бойынша ем қабылдауға келеді. Олар келгенше қажетті дәрі-дәрмектерін дайындап үлгеруім керек» деп жұмысына қайта кірісті. Әр күнін алғысын аяқтайтын кейіпкеріміздің жұмысына мен де сәттілік тілеп, редакцияға жол тарттым.

Сезім НҰР

Сақтансаң, сақтайды

Жыл сайын әлемнің барлық елінде мамыр айының үшінші жексенбісі ЖИТС-тен қайтыс болғандарды дүниежүзілік еске алу күні болып бекітілген. Бұл шараның мақсаты ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу, АИТВ және ЖИТС-пен өмір сүретіндерге қолдау көрсету, АИТВ-ның бар екенін еске салу, қоғамды АИТВ, ЖИТС-пен күресуге жұмылдыру болып табылады.

АИТВ-дан қорғану — әр адамның жауапкершілігі

Бұл күні адамдар өздерінің ЖИТС індетінен қайтыс болған достарың, жақындарын еске алып, АИТВ, ЖИТС-қа шалдыққандарға қолдау көрсетуге тырысады. Ең алғаш ЖИТС-тан қайтыс болғандарды еске алу 1983 жылы АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында атап өтілген. Содан кейін ЖИТС-ке қарсы күрес символы қызыл лентаны суретші 1991 жылы сәуірде Франк Мур ойлап тапқан. Қызыл лента ЖИТС-пен күресудің символына айналып, ЖИТС-ке шалдыққан адамға деген ынтымақтастықты білдіреді. АИТВ (адамның иммунитетінің алтыншы вирусы) жанаңдық сипатқа ие болып, көптеген елдердің өлеуметтік дамуына қауіп туғызып отыр.

АИТВ-ның жұғу жолы оңай. Бірақ одан толық сауығып кету мүмкін емес. Себебі ағзаға бір енген вирус өмір бақи жүреді. АИТВ-дан толық айықтыратын ем болмаса да, ағзадағы вирус мөлшерін көбейтпейтін адам өмірін ұзартатын вирусқа қарсы препараттар бар. Препараттарды үздіксіз қабылдау арқылы адам өмірін ұзартауға болады.

ЖИТС-тің шегі жоқ, ұлт, жыныс, жас талғамайды. АИТВ-ның негізгі үш жұғу жолы дәлелденген. Қан және оның препараттары, яғни дерт біріншіден қан арқылы жұғады. АИТВ-мен зақымданған донордың қанын қуйғанда немесе мүшелері мен ұлпаларын салғанда адам бұл кеселге шалдығады. Қан тамырына есірткіні енгізген кезде бір инемен бірнеше адам қолданғанда, медициналық манипуляция кезінде залалсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда да дерт жұқтырып алуы өбден мүмкін.

Екіншіден, жыныстық қатынас арқылы да бұл кесел тарайды, яғни қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы және жұктілік кезінде ананан балаға, босанғанда және емдеу кезінде жұғады. АИТВ жұқтырғаннан кейін бірден пайда болмайды, 3-6 айдан кейін анықталады. Себебі АИТВ бірден клиникалық бермейді, сондықтан адамдар өзін жақсы сезініп жүре береді. АИТВ-ны тек қана қанды тәсілге арқылы анықтайды. Осы індеттен өзмізді және жақындарымызды қорғау үшін барлық қорғану шараларын қабылдау қажет.

Қазақстанда АИТВ жұқпасы алғаш рет 1987 дығы тіркелген. Мамандар соңғы жылдары бұл сырқаттың жыныстық жолмен берілуі үлесі артып отырғанын айтып дабыл қағуда. Жыл басынан бері елімізде 1148 АИТВ жұқтырған жағдай тіркелген. Оның 45-і өзге ел азаматтары болса, өкінішке орай қалған 1103-і – Қазақстан азаматы.

Әлем ғалымдары АИТВ жұқпасына қарсы тиімді дәріні жасауға жұмыс жүргізіп, біршама жетістікке жеткен алайда осы күнге дейін ауруға қарсы нақты екіп табылмаған.

АИТВ-дан қорғану үшін жастарымыз жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстану керек. Себебі бұл індетке көбіне санасы ұланған жаман жолға түскен адамдар шалдығады. Сондықтан біздің болашағымыз жастарды емірде дұрыс жолмен жүріп, жат қылықтардан бойын аулақ ұстауға шақырамын. Сол кезде ұлт болашағы жарқын ұрпағымыз сау болады. Дертпен күресуге тек медицина саласы қызметкерлерінің күші жетпейді. Қоғамның әрбір мүшесі АИТВ жұқпасына қар өкенин естен шығармай бірлесіп күрессе, тоқтауға болар еді. Денсаулық – баға жетпес байлық, оны сақтау үшін салауатты өмір сүре білейік.

А.БЕКНИЯЗОВА, аудандық ПӘК кабинетінің дәрігері

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті

жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №832

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ